

Б.Ж. Санбаева  , **К.А. Есенова*** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kamchat_esenova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОО-ДА ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІҢ БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақалада мемлекеттер арасындағы халықаралық қатынастарды жетілдіруге көмектесетін және білім беруді интернационалдандыруға ықпал ететін шетелдік студенттерді оқыту мәселелері қарастырылады. Қазіргі уақытта көптеген шетел азаматтары жоғары білім алу үшін Қазақстандық жоғары оқу орындарын, соның ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін таңдайды. Сонымен қатар, шетелдік азаматтарға кейде бейтаныс елде бейімделу қиынға соғады. Мақаланың мақсаты – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің шетел азаматтарын бейімдеудің кейбір проблемаларын анықтау және осы проблемаларды шешуді ұсыну. Зерттеудің педагогикалық тәжірибені жалпылау, деректерді талдау және синтездеу әдістері. Зерттеу базасы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі факультет, шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру кафедрасы. Педагогикалық тәжірибені талдау барысында шетел азаматтарында психофизикалық, әлеуметтік, коммуникативтік сипаттағы проблемалар, тілдік және тұрғын үй проблемалары туындайтыны анықталды. 2023-2024 оқу жылының 3 айдың көлемінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі факультетінің 118 шетел азаматтарына сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижелері студенттердің әлеуметтік және білім беру ортасында бейімделуін жақсарту, сондай-ақ елдер арасындағы халықаралық қатынастарды кеңейту, Қазақстан мен басқа елдердің жоғары оқу орындары арасында байланыс орнату мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: шетел азаматтары, бейімделу, әлеуметтік бейімделу, педагогикалық бейімделу, психологиялық бейімделу.

B.Zh. Sanbayeva, K.A. Yesenova *

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kamchat_esenova@mail.ru

Features of adaptation of foreign students in Kazakhstan universities

The researchers examines the issues of teaching foreign students, which help to improve international relations between states and contribute to the internationalization of education. Currently, many foreign citizens choose Kazakh universities for higher education, including Al-Farabi Kazakh National University. At the same time, it is sometimes difficult for foreign citizens to adapt to an unfamiliar country. The purpose of the article is to identify some problems of adaptation of foreign citizens of al-Farabi Kazakh National University and propose solutions to these problems. The research uses methods of generalization of pedagogical experience, analysis and synthesis of data, the author's questionnaire "Adaptation of students Research base: pre-university Faculty, Department of Language and General Education training of foreigners of al-Farabi Kazakh National University. During the analysis of pedagogical experience, it was found that foreign citizens have problems with psychophysical, social, communicative nature, language and housing problems. Research was conducted during 3 months of the 2023-2024 academic year with a survey of 118 foreign citizens of the pre-university faculty of the Al-Farabi Kazakh National University. The results of the study can be used to improve the social and educational adaptation of students, as well as to expand international relations between countries, establish links between higher education institutions of Kazakhstan and other countries.

Key words: foreign citizens, adaptation, social adaptation, pedagogical adaptation, psychological adaptation.

Б.Ж. Санбаева, К.А. Есенова*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kamchat_esenova@mail.ru

Особенности адаптации иностранных студентов в казахстанских вузах

В статье рассматриваются вопросы обучения иностранных студентов, которые помогают совершенствованию международных отношений между государствами и способствуют интернационализации образования. В настоящее время многие иностранные граждане выбирают для получения высшего образования казахстанские вузы, в том числе Казахский национальный университет им.аль-Фараби. В то же время иностранным гражданам иногда сложно адаптироваться в незнакомой стране. Цель статьи – выявить некоторые проблемы адаптации иностранных граждан Казахского национального университета имени аль-Фараби и предложить решения данных проблем. В исследовании использованы методы обобщения педагогического опыта, анализа и синтеза данных, авторская анкета «Адаптация студентов База исследования: довузовский факультет, кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев Казахского национального университета им.аль-Фараби. В ходе анализа педагогического опыта было установлено, что у иностранных граждан возникают проблемы с психофизического, социального, коммуникативного характера, языковые и жилищные проблемы. Были проведены исследования в течение 3 месяцев 2023-2024 учебного года с опросом 118 иностранных граждан довузовского факультета Казахского национального университета им. аль-Фараби. Результаты исследования могут быть использованы в целях улучшения социальной и образовательной адаптации студентов, а также расширения международных отношений между странами, установления связей между высшими учебными заведениями Казахстан и других стран.

Ключевые слова: иностранные граждане, адаптация, социальная адаптация, педагогическая адаптация, психологическая адаптация.

Кіріспе

Әлеуметтік өмірдің ХХІ ғасырға көшуі әрбір халықтың өзін-өзі билеуге деген үлкен ұмтылысымен байланысты. Өзінің тарихи-мәдени қайнар көздері, әдет-ғұрпы, сенімі, адамдардың құндылықты ұғыну қоғамды интеграция амалын іздеуге итермеледі. Түрлі ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынас құндылығын қайта қарастыру, әртүрлі жастағы адамдардың миграциясы мен иммиграцияның күшеюі, сол адамдардың өміріндегі психологиялық, әлеуметтік, экономикалық және де басқа жақтарын белгілі-бір өзгерістерге әкеледі. Жаңа бейімделу үдерісі, ресоциализация күрделі жағдайларды тудыруы мүмкін. Сондықтан шетелдік студенттердің бейімделуі әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық, мәселесі қазіргі таңда өзекті болып отыр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де шетелдік азаматтарға білім беру және сапалы кадр шығару жағынан да өз үлесін қосып жатыр. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ) – Қазақстандағы ең ірі және беделді университеттердің бірі, сонымен қатар оның көптеген білім алып жүрген шетелдік студенттері бар. Әл-Фараби университетінің бай тарихы бар және ол 1933 жылы құрылған.

Осы жылдар ішінде ол Қазақстан мен Орталық Азиядағы жетекші оқу орындарының біріне айналды, әртүрлі салаларда әртүрлі білім беру бағдарламаларын ұсынады.

Шетелдік студенттерді бейімдеу: ҚазҰУ шетелдік студенттердің университетте табысты оқуын және жайлы болуын қамтамасыз ету үшін оларды бейімдеу бойынша белсенді жұмыс істейді. Бұл келесі аспектілерді қамтиды:

Тілдік дайындық: Университет шетелдік студенттерге оқу бағдарламасына байланысты қазақ немесе орыс тілдерін жақсартуға көмектесетін Тілдік курстар ұсынады.

Тәлімгерлік қолдау: шетелдік студенттер жаңа ортаға бейімделуге көмектесу үшін тәжірибелі студенттерден немесе оқытушылардан тәлімгерлік қолдау ала алады.

Ақпараттық қолдау: Университет ҚазҰУ-да өмір сүрудің және оқудың әртүрлі аспектілері, оның ішінде тұру, визалық формальдылық және т. б. мәселелер бойынша ақпарат пен кеңестер береді.

Мәдени интеграция: ҚазҰУ студенттерге жергілікті мәдениетті жақсы түсінуге және әсер етуге көмектесу үшін мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады.

ҚазҰУ шетелдік студенттердің табысты бейімделуіне ықпал ететін және оларға

Қазақстанда академиялық және жеке табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін ішкі ортаны құруға ұмтылады. Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1769 шетелдік студент білім алады. Оның ішінде: Әзірбайжан (1 студент), Ауғанстан (56), Бангладеш (2), Бахрейн (1), Босния және Герцеговина (1), Вьетнам (2), Германия (1), Доминика (1), Египет (77), Замбия (1) сияқты елдердің азаматтары бар, Үндістан (437), Индонезия (7), Иордания (65), Иран (9), Ирландия (1), Италия (1), Йемен (17), Кабо-Верде (4), Катар (2), Кения (7), Қытай (93), Кувейт (1), Қырғызстан (5), Ливия Араб Жамахириясы (1), Мали (1), Марокко (1), Моңғолия (16), Нигерия (4), Біріккен Араб Әмірліктері (5), Біріккен Танзания Республикасы (9), Пәкістан (27), Ирак Республикасы (44), Корея Республикасы (1), Молдова Республикасы (1), Ресей (8), Сауд Арабиясы (4), Сирия Араб Республикасы (27), Судан (10), Тәжікстан (15), Тунис (2), Түрікменстан (324), Түркия (63), Өзбекстан (94), Украина (3), Эфиопия (1), Оңтүстік Африка (1).

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 1985 жылы құрылған шетелдік азаматтарға арналған дайындық факультетінің негізінде 2011 жылы Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетін құрды. Құрылғаннан бастап бүгінгі күнге дейін бұл факультет Қазақстанның білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарды. Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті Қазақстанда одан әрі оқу үшін шетелдік студенттерді даярлау мақсатында құрылды. Халықаралық қауымдастық: факультет құрылғаннан бері ұлттық құрамы бойынша әр-тараптандырылды, әлемнің 100-ден астам елінен, соның ішінде АҚШ, Германия, Англия, Испания, Италия және басқа елдерден студенттер жиналды. Шетелдіктерге білім беру: факультет әр түрлі елдерден, соның ішінде Латвия мен Қырғызстаннан 7000-нан астам шетелдік студенттерді сәтті бітіріп шықты.

Жалпы шетелдік студенттердің бейімделу ұғымына тоқталатын болсақ, ол ұғымды ең алғаш болып қарастырғандар Г. Селье (Селье, 1960:225)[1], П. Анохин (Анохин, 1975:278) [2], Ф. Меерсон (Меерсон, 1981:278) [3], В. Казначеева (Казначеева 1986:120) [4], В. Медведев (Медведев, 1989:109)[5] және т.б.

Ал шетелдік студенттердің жоғары оқу орнына бейімделуін Т. Rysbekov, В. Shintimirova өз жұмысында Қазақстан Республикасындағы білім беруді интернационалдандыруды аша отырып, бұл процесс шетелдік студенттерді

жоғары оқу орындарына қабылдауды және оларды оқыту үшін барлық қажетті жағдайларды жасауды қамтиды деп мәлімдейді (Rysbekov and Shintimirova, 2020:26) [6]. Сонымен қатар Z. Nurligenova, A. Sagatova, Қазақстан Республикасында жоғары білім беруді дамытуға интернационалдандырудың әсерін зерттей отырып, шетелдік студенттерді оқыту ел үшін стратегиялық маңызды болып табылатынын және халықтар арасындағы өзара түсіністікті жақсартуға қабілетті екенін атап өтті (Nurligenova and Sagatova, 2021:204) [7]. Яғни біз шетелдік студенттерге білім беріп қана қоймай олардың жақсы бейімделуінде қолға алуымыз қажет. Е. Dudinova, М. Negizbayeva өз жұмысында Қазақстандағы мигранттар мен қандастардың элеуметтік-психологиялық бейімделу мәселесін ашып, жабық коммуникациялық жүйе проблемасы бар деп мәлімдейді (Dudinova and Negizbayeva, 2021:33) [8]. Басқа елдерден келгендер тек өздері сияқты иммигранттармен қарым-қатынасты болуы, жергілікті тұрғындармен қарым-қатынастан аулақ болуы, педагогикалық ұжыммен қарым-қатынас орната алмауы, оқытушылардан қолдау ала-алмауы, тілдік кедергілер, оқу тапсырмаларымен қиындық туындауы, тұрғын үй мәселесіндегі қиындықтар бұл қосымша күйзеліске әкеледі және бейімделу процесін қиындатады. Бейімделу тақырыбында осындай зерттеулер жасалған, алайда нақты Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шетел азаматтарын бейімделуінің ерекшеліктері жеткілікті зерттелмегенін көреміз. Осылайша біздің зерттеуіміздің мақсаты айқындалады Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шетел азаматтарын бейімделуінің тиімділігін арттыру. Алайда бұл мәселені толығымен шешу өте қиын болғандықтан. Біз бірақ жалпы тенденцияларды байқауға болатын модель ретінде жоғарыда айтылған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының шет ел азаматтарын алдық. Бұл мақалада шетел азаматтарының оқу процесінде бейімделуі және оқытушылар мен отандық студенттермен арасындағы мәселелерінің бейімделудегі қиындық туғызатын тұстарын қарастыратын боламыз.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып мақалада әдебиетке шолу жасалып, әдістерді негіздеп, сандық зерттеулер мен нәтежиелері талданды.

Әдебиетке шолу

Қазақстан Республикасында шетелдік студенттерді оқыту экономиканы және халықаралық қатынастарды дамыту үшін де, білім беру бағдарламалары мен бастамаларын қолдау үшін де маңызды болып табылады. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында жоғары оқу орнына оқуға түсетін студенттерді бейімдеу процесін жеңілдету, сапалы оқыту және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау оқытушылардың, куратор-эдвайзерлердің, университет қызметкерлерінің міндеттері болып табылады делінген (On approval of the..., 2019) [9]. Жалпы бейімделу мәселесі қазіргі таңда отандық, шетелдік ғалымдардың философия, педагогика, психология, әлеуметтану салаларында қарастырылып жүрген мәселелердің бірі. Жоғары оқу орнының студенттерінің бейімделуі қарастырылғанымен нақты шетел студенттерінің университеттік білім беру ортасына бейімделуі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Алдымен бейімделу ұғымын қарастыратын болсақ «Бейімделу» ұғымы латын тілінен аударғанда – икемделу, үйлесу деген мағынаны береді.

«Икемделу» және «бейімделу» терминдерін синоним ретінде қолданыста, десек те, «икемделу» (adjustment) ерекше жағдайлардың талаптарына ыңғайлану болса, ал «бейімделу» (adaptation) үйреншікті қиындықтарды жеңудің жақсы ұйымдасқан тәсілдеріне – тұрақты шешімдерге икемделулер арқылы кристалданатын тәсілдерге қатысты» деген американдық әлеуметтік психолог Т. Шибутани (Шибутани, 1969:45)[10].

Биоәлеуметтік детерминанттары мен құрамдас бөліктерінің бірлігіндегі бейімделу генез феномені. Ғылымда соңғы жылдары қарқын алған интеграция үдерістері аталмыш феноменді кешенді түрде қарастырып, икемделудің ерекше түрі – әлеуметтік бейімделуді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Осылайша, бейімделу ерекше биологиялық түсініктердің қатарынан интегративтік түсінікке айналады. Т. Шибутани (Шибутани, 1969:45) [10].

Биологияда бейімделу мәселесін алғашқылардың бірі болып, эволюцияның ағзаға орталықтанған теориясының негізін қалаушы француз зоологі Ж.Б. Ламарк қарастырды. Ол жекелеген ағзалардың бейімделу өзгерістері арқылы тірі ағзалардың жекелеген түрлерінің пайда болуын және олардың эволюциясын

түсіндірді. Ғалым бейімделудің үш тәсілін бөліп көрсетті: 1) ағзаның (өсімдіктер және төменгі жануарлар) тікелей икемделуі; 2) жаттығулар немесе органдарының жаттықпаулары арқылы ағзаның жанама икемделуі (жоғарғы жануарларға тән); 3) өз ағзасын жетілдіруге (барлық жануарларда) ішкі ұмтылыс ортасы арқылы пайда болған. Ламарк бойынша бейімделу өзгерістері екі жынысқа да тән болса немесе ұрпақ таратқан әйелге ғана тән болса, әйелдегі барлық өзгерістер тасымалданады және мұрагерлік бойынша беріледі.

Әлеуметтік бейімделудің бір түрі ретінде жоғары оқу орындарындағы білім беру ортасына бейімделу сол әлеуметтік бейімделу үдерісінің заңдылықтарымен жүріп отырады. Бейімделу үдерістері ғылым саласына сәйкес әртүрлі қырларынан зерделенеді. Адамның жаңа ортаға бейімделуі зерттеулерде жоғары оқу орындарына бейімделуге арналған жұмыстар біршама негізделді. Бейімделу мәселелері А.М. Ростунов, В.С. Викторова., Ш. Курманалина еңбектерінде студенттердің білімдерінің үлкен көлемін меңгеру, оқытудың жаңа жүйесіне бейімделу тұлға аралық қарым-қатынас қиыншылықтарын жеңе білу мәселелерін қарастырады (Курманалина 2010:34) [11].

Авторлардың пікірінше, бұл үдеріс педагогикалық реттеу студенттердің құндылық бағаларын, дүниетанымдық ұстанымдарын, кәсіби нормаларын қалыптастырады.

Психологияда бейімделу мәселесі бойынша Г.Айзенк, Г.Гартмана, Ж.Пиаже, Л.Филиппияқты ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізген. Олардың дәлелдеуінше, тұлғаның жаңа ортаға бейімделуінде өзіне тән жеке типологиялық қасиеттері маңызды орынды иеленеді.

Сонымен қатар, психологиялық және әлеуметтік бейімделу жөнінде – К.А.Абульханова-Славская, Ю.А.Александрова, О.И.Зотова, И.К.Кряжева, А.А.Налчаджана, Б.Ф.Паршнева сияқты ғалымдар зерттеп, ғылыми жұмыстарында әлеуметтік-психологиялық бейімделудің механизмдерін тұжырымдайды. XX ғасырдың 90-жылдарында Россияда әлеуметтік бейімделудің түрліше аспект және контекстерін зерттеуді, сондай-ақ трансформациялық процестерді зерттеуге ат салысады

Жоғарыда айтылған ғалымдардың ойларын саралай отыра жалпы жоғары оқу орнындағы оқытуға бейімделу – басқа кез келген бейімделу үдерісіне тән аспектілерге ие, адамның бейімделгіш мінез-құлқының бір формасы. Ал

(К.У. Биекенов*, 2012:35) [12] өз зерттеуінде қалыптасуының аз қарқынды кезеңінде көрініс табатын тұлғалық жүйе қуатының азаюымен сипатталады. Бір сатыдан екінші сатыға өту бейімделу жүктемесінің үдеуі арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте тұлғалық жүйе қуаты барынша толығыады. Осы сатылар жоғары оқу орнына бейімделу үдерісінде де кездесетінін болжауға болады. Бұл жағдайда бейімделу жағдаяты – студент тұлғасының белгілі бір жоғары оқу орнындағы нақты жағдаймен өзара әрекеттеседі. Осыны толығырақ қарастыратын болсақ студенттердің бейімделу үдерісін зерттеудің бірнеше бағыттары бар деп Г.П.Шолохова, И.В. Чикова студенттің бейімделуінің астарында студентке қатысты сыртқы фактор ретінде жоғары оқу орнындағы жаңа жағдаймен динамикалық тұрғыдан тепе-теңдік жағдайындағы, соған сәйкес әлеуметтік және тұлғалық сипаттарының негізгі өлшемдерін үдеріске түсіруді түсіну керектігін айтады (Петровна, 2014:79) [13].

Ал енді шетелдік азаматтардың бейімделуіне тоқталатын болсақ М.Т. Иманалиева мен Е.В. Ключникова жүргізген зерттеулерінде басқа елдердің студенттерінің университеттік ортаға бейімделуіне байланысты аспектілерге бағытталған. Олар қиындықтардың бірнеше негізгі категорияларын, соның ішінде психофизиологиялық аспектілерді, оқу және танымдық процестердегі қиындықтарды, қауіпсіздік пен жайлы өмір сүру мәселелерін, қаржылық қиындықтарды және оқу кезінде шетел студенттерді жұмысқа орналастыру мәселелерін анықтады (М.Т. Иманалиева 2020:147) [14], (Е.В. Ключникова 2018:133) [15].

Алайда шетелдік студенттердің бейімделуінің тағы да бір мәселесі коммуникациялық жүйеге, мәдени және этникалық өзара әрекеттесудің болмауына, жағымсыз эмоционалды жағдайға және нәтижесінде оқуға деген ынтаның болмауына әкелетін тілдік тосқауыл. Осыған орай А. Szabó 291 шетелдік студенттің бейімделуіне әсері туралы зерттеу жүргізді (Szabó et.al., 2020:69) [16]. Сарапшылар оқшауланған коммуникация (жалпы коммуникацияның болмауы), тек басқа елдердің студенттерімен қарым-қатынас, тек отандастармен қарым-қатынас және отандастармен және қабылдаушы елдің студенттерімен қарым-қатынас сияқты байланыс түрлері бар екенін анықтады. Зерттеу нәтижелері бейімделу процесі отандастармен және жергілікті тұрғындармен бірдей қарым-қатынасты сақтаған

шетелдік студенттерде сәтті болғанын көрсетті. Бұл зерттеуде шетел азаматының отандастарымен және шет ел студенттерімен қарым-қатынас жасауы оның коммуникациялық жағдайының жақсаруына әкеледі.

Ал С.И. Моднов мен Л.В. Ухова жүргізген зерттеулер көрсеткендей, шетелдік студенттердің университеттік ортаға бейімделу проблемасы тек тілдік қиындықтармен шектелмейді. Олар материалдық және тұрмыстық жағдайдың төмен деңгейі бұл студенттердің өмірдегі қанағаттанарлықсыз жағдайлармен байланыстыра отырып, олардың сәтті бейімделуіне айтарлықтай әсер ететінін атап көрсетеді (Моднов, 2013:111) [17].

С.И. Моднов мен Л.В. Ухова пікірінше, шетелдік студенттерге тиімді білім беру үшін университет оларға жатақханаларда толыққанды баспана беруі керек деп пайымдайды (Моднов, 2013:111) [17].

Қазіргі уақытта Қазақстанда осы мәселелер туралы ақпарат шектеулі, біз өз зерттеуімізді жүргізу маңызды деп санаймыз. Біздің зерттеуіміз, ең алдымен, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шетел азаматтары оқу ортасына бейімделуіне әсер етуі мүмкін тілдік аспектілерге, оқытушымен студент арасындағы қарым-қатынасқа, тұрмыстық жағдайларға және басқа салаларға бағытталған. Біз ғалымдардың бұрын ұсынылған тұжырымдамаларын ескере отырып, шетелдік студенттердің сәтті бейімделуіне кедергі болатын себептерді талдауды жоспарлап отырмыз.

Зерттеу материалдары мен әдістері


Зерттеу Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде шетелдік студенттердің бейімделу проблемаларын анықтауға бағытталған. Ол үшін сауалнама әдістемесі қолданылды, Қытай, Жапония, Корея, Германия, Түрікменстан, Түркия және Филиппинді қоса алғанда, әртүрлі елдерден келген 118 шетелдік студенттердің деректері жиналды. Сауалнамада тілдік кедергілерді, педагогикалық ұжым мен отандық студенттер арасындағы қарым-қатынасты және бейімделудің басқа аспектілерін қамтитын 15 сұрақ болды. Деректер статистикалық әдістерді қолдану арқылы талданды, содан кейін негізгі нәтижелер шығарылды, талқыланды және респонденттер арасында белгілі бір елдердің өкілдігінің жеткіліксіздігі және тілдік және мәдени контексттердің әртүрлілігі сияқты

ықтимал шектеулерді ескере отырып, университет ортасында шетелдік студенттердің бейімделуін жақсарту бойынша ұсыныстар ұсынылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шетел азаматтарын бейімделуінде қандай қиыншылықтар туындайды, бейімделуіне не кедергі болады деген сауалға жауап іздеу барысында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жоғарғы оқу орнына

дейінгі факультеті шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының шетелдік азаматтары арасында сауалнама әдісі жүргізілді. Шетел азаматтарының тілдік ерекшеліктерін ескере отырып сауалнама 4 тілде алынды яғни қазақ тілінде, орыс тілінде, ағылшын және қытай тілінде. Сауалнамаға жалпы 118 шетелдік азамат қатысты. Сауалнаманың қортындысы бойынша «Білім беру сапасымен қанағаттанасыз ба?» деген сауалға «иә» 115 азамат, «жоқ» деген сауалға 3 азамат дауыс берген. Төменде 1 суретте проценттік көрсеткішті көре аласыз.



1-сурет – «Білім беру сапасымен қанағаттанасыз ба?», «Педагогикалық ұжымның сізге деген қарым-қатынасына көңіліңіз тола ма?»

«Педагогикалық ұжымның сізге деген қарым-қатынасына көңіліңіз тола ма?» деген сұраққа 113 респондент «иә» деп тандаса, қалған 5 респондент «жоқ» деп жауап берді. Яғни бұл жерде шетелдік азаматтардың университет қабырғасындағы педагогикалық ұжымның

қарым-қатынасына 98% көңілі толатынын 1 суретте көреміз


«Оқытушылардың талабын бірден түсінесіз бе?» осы сұраққа 101-і «иә» деп жауап берсе 17-сі «жоқ» деген жауап алдық 2 суреттен көре аламыз.



2-сурет – «Оқытушылардың талабын бірден түсінесіз бе?», «Сіз әрқашан оқытушылардан қолдау аласыз ба?»

Келесі сауалдың сұрағына «Сіз әрқашан оқытушылардан қолдау аласыз ба?» 108 «иә» деген жауап берсе 10 респондент «жоқ» деген жауап алдық 2 суреттен көре аламыз.

«Сіздің оқытушылармен қарым-қатынасыңызда тілдік кедергілер кездеседі ме?» деген сауалға шетел студенттері «иә» 68, «жоқ» 50 студент жауап бергенін 3 суретте көрсетілген.



3-сурет – «Сіздің оқытушылармен қарым-қатынасыңызда тілдік кедергілер кездеседі ме?», «Тілдік кедергілер сіздің білім алуыңызға кедергі тигізеді ме?»

«Тілдік кедергілер сіздің білім алуыңызға кедергі тигізеді ме?» шетел студенттерінің жауабы «иә» 73 студент ал «жоқ» 45 студент жауап берді. Яғни біз бұл жерде шетелден келген студенттердің басым бөлігі оқытушылармен тілдік қарым-қатынаста

қиыншылық туындағанын 3 суретте көре аламыз.

Шетелдік азаматтардың «Сіздің тілдік дайындығыңыз жоғары деңгейде өтіп жатыр ма?» сауалына «иә» 89 жауабын алсақ, 29 «жоқ» деген жауап беріпті 4 сурет көрсетілген.



4-сурет – «Сіздің тілдік дайындығыңыз жоғары деңгейде өтіп жатыр ма?», «Қазақстандық группаластарыңызбен қарым-қатынас қиындық туғызбайды ма?»

Біздің келесі сұрағымыз шетелдік студенттердің отандық студенттерімен қарым-қатынасы қызықтырды. «Қазақстандық группаласта-

рыңызбен қарым-қатынас қиындық туғызбайды ма?» атты сауалға «иә» 42 болса «жоқ» 76 студент жауа бергендігі 4 суретте көрсетілген.

Келесі сұрағымызға «Сіз алдыңызға қойылған оқу тапсырмаларын оңай орындайсыз ба?» 98 шетелдік


азамат «иә» деп жауап берсе қалған 20 студент «жоқ» деген жауабын берді 5 суреттен көрсек болдаы.



5-сурет – «Сіз алдыңызға қойылған оқу тапсырмаларын оңай орындайсыз ба?», «Жатақханада тұру сізге ыңғайлы ма?»

Шетелдік студенттердің бейімделуіндегі тағы бір басты мәселе ол жатақхана, «Жатақханада тұру сізге ыңғайлы ма?» сұрағына «иә» 66, «жоқ» 27, «мен жатақханада тұрмаймын» 25. Бұл жерде ескеретін бір жағдай жатақхана деп айтып отырғанымыз хостелдер яғни университеттің жатақханасы емес. Жауаптары 5 суретте көрсетілген.

«Жатақханада бір бөлмеде тұратындармен сөйлесу сізге қиындық туғызбайды ма?» сауалымызға «иә» 65 студент, 53 студент «жоқ» деп жауап берді. Яғни бұл жерде көріп отырғанымыздай шетелдік студенттердің бір бөлмеде тұратын студенттермен қарым-қатынас қиындық туғызбайтынын 6 суреттен көріп отырмыз.




6-сурет – «Жатақханада бір бөлмеде тұратындармен сөйлесу сізге қиындық туғызбайды ма?», «Сіздің еліңіз бен Қазақстан Республикасы мәдениеттерінің айырмашылығы сізге қиындық туғызбайды ма?»

Қазақстан мемлекетімен өзге елдің мәдениеттерінде, тұрмыс-тіршілігінде айыр-

машылығы болады. Әрине ол шетелдік студенттердің бейімделуіне әсерін тигізеді,

сол себепті біздің келесі сұрағымыз «Сіздің еліңіз бен Қазақстан Республикасы мәдениеттерінің айырмашылығы сізге қиындық туғызбайды ма?» болды. Ол сұраққа «иә» 52 шетелдік азамат жауап берсе, «жоқ» 66 студент жауап бергендігін 6 суреттен көре аламыз.

Келесі сұрағымыз шетелдік студенттердің қай мемлекеттен келгенін анықтау болды. Келесі 7 суретте біз көре аламыз қандай мемлекеттен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне көп шетелдік студенттер келетінін. Шетел студенттерінің келген елдері (Қытай, Жапония, Корея, Германия, Түрікменстан, Түркия, Филиппин).



7-сурет – «Сіздің келген мемлекетіңіз?»

Біздің зерттеуімізде тағы бір қызықтырған сұрақ «Қай мамандықта білім алып жатырсыз?» өйткені бізге Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне шетел азаматтарының қай мамандықты көбірек таңдайтыны маңызды болды. Жоғарғы оқу орнына дейінгі факультеті шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының шетелдік азаматтарының таңдаған мамандығы: басым

бөлігі орыс тілі таңдаған және қазақ тілі, археологияда бар.

Шетел азаматтарының не себепті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін таңдауының себебін де анықтадық «Сіз не себепті Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін таңдадыңыз?». Бұл сауалға шетелдік студенттердің жауабы әр- түрлі болды 8 суретте көре аламыз.



8-сурет – «Сіз не себепті Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін таңдадыңыз?»

Бұл сауалнамада тағы да көптеген себептері жазылды, біз осы жауаптардың ішінде ең көп жазылған жауаптарды алдық. Және де жауаптардың арасында: білім беру бағдарламалары көп, орыс тілінде оқуға жақсы университет, терең мәдени мұра мен оқытудың керемет сапасының арқасында, байсалды және жауапты оқыту, себебі Әл-Фараби университетінде ең жақсы тіл мұғалімдері бар және т.б. жауаптар кездесті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде шетелдік студенттерді бейімдеу бойынша жүргізілген зерттеу осы студенттердің оқу процесінде кездесетін бірнеше негізгі кедергілерді егжей-тегжейлі анықтады. Зерттеу барысында көрсетілген негізгі аспектілердің бірі-тілдік кедергілер. Шетелдік студенттер жаңа тілді меңгеруде қиындықтарға тап болады, бұл оқу материалын игеруді және оқытушылармен және топтағылармен өзара әрекеттесуді қиындатады.

Сонымен қатар, оқытушылармен өзара әрекеттесу шетелдік студенттердің бейімделуінде маңызды рөл атқаратыны анықталды. Оқытушылармен қарым-қатынас деңгейі және олардың шетелдік студенттердің қажеттіліктерін түсінуі оқу орнындағы жалпы атмосфераға және студенттердің оқудағы жетістіктеріне әсер етеді.

Бейімделудің әлеуметтік-мәдени аспектілеріне де ерекше назар аударылады. Жатақханада тұру, сондай-ақ жергілікті студенттермен және тұрғындармен әлеуметтік қарым-қатынас университеттің ерекше назары мен қолдауын қажет ететін бейімделудің маңызды аспектілерін білдіреді.

Зерттеу нәтижелері алдыңғы зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес келеді. Мысалы, Szabó et.al., 2020:69) [16]. Ал С.И. Моднов мен Л.В. Ухова (Моднов, 2013:111) [17] жұмыстары сәтті бейімделу үшін байланыс пен тұрғын үй жағдайының маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, Биекенов сияқты зерттеушілер шетелдік студенттердің бейімделу процесіне әсер ететін мәдени айырмашылықтарға назар аударады. I. Mordvintseva және бірлескен авторлар шетелдік студенттердің инклюзивті бейімделу ерекшеліктерін зерттей отырып, басқа елден оқуға келген студент оқу орны мен педагогикалық ұжымның басшылығынан ерекше қолдауды талап ететінін және олардың академиялық қиындықтарының негізгісі тілдік кедергі және әлеуметтік байланыстарды орнатудағы қиындықтар болуы мүмкін екенін атап өтті (Mordvintseva 2023:249) [18].

Алынған нәтижелер контекстінде халықаралық студенттерге жеке және ұжымдық қолдауды қамтитын тиімді бейімделу стратегияларын әзірлеу маңызды. Бұған қосымша тілдік курстар өткізу, әртүрлі ұлт студенттері үшін бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру, сондай-ақ оқытушылар мен университет әкімшілігінің мәдени және әлеуметтік қолдауын қамтамасыз ету. Бұл тәсіл шетелдік студенттердің бейімделу жағдайларын жақсартуға және оқу орнын барлық студенттер үшін ашық әрі инклюзивті етуге мүмкіндік береді.

Зерттеушілер шетелдік студенттердің басты проблемасы тілдік кедергі болып табылады деп келіседі. Алайда, сарапшылардың пікірінше, жабық байланыс жүйесі студенттердің бейімделуіне оң әсер етуі мүмкін, егер мұндай жүйенің қатысушылары жергілікті тұрғындармен ең аз байланыста болса. Ғалымдар бірлескен демалыс идеясын, сондай-ақ ұзақ мерзімді тілдік курстарды қолдайды, бұл әдістер бейімделу процесін жеделдетуге және бейімделу стрессін төмендетеді деп санайды. Талданған зерттеулер сонымен қатар шетел азаматтарына бейімделу стрессін азайтуға және оқу үлгерімі мен өмір сүру деңгейін жақсартуға көмектесетін тәлімгер ұсынуды ұсына отырып, бейімделу процесінде білім беру мекемесі мен оқытушының рөлін қолдайды.

Қорытынды

Осы зерттеу барысында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқуға бейімделу процесінде шетелдік студенттердің алдында тұрған негізгі проблемалар анықталып, талданды. Ең алдымен, “бейімделу” ұғымы оның әр түрлі аспектілерін ескере отырып анықталды, мысалы, тұрақты өзгерістер, қоршаған ортамен өзара әрекеттесу және өз қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Зерттеу университеттегі Жоғары оқу орнына дейінгі факультеттің шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру кафедрасының 118 шетелдік студенттерінен 3 ай ішінде алынған мәліметтер негізінде жүргізілді. Нәтижелер көрсеткендей, студенттердің көпшілігі бейімделуде белгілі бір қиындықтарға тап болады, ең алдымен тілдік кедергілер мен қарым-қатынас мәселелеріне байланысты.

Алайда, осы қиындықтарға қарамастан, шетелдік студенттердің көпшілігі білім беру процесіне қанағаттанудың жоғары деңгейін

көрсетті және әлеуметтік және педагогикалық тұрғыдан сәтті бейімделді. Бір қызығы, жабық байланыс жүйесі мәселесі, әсіресе жатақханаларда тұратын студенттер үшін өзекті болып қала береді. Сондай-ақ, тілдік кедергілерге байланысты білім беру процесінің талаптарын түсінудегі қиындықтар анықталды.

Зерттеуде шетелдік студенттерді бейімдеу процесінде университет оқытушылары мен басшылығының рөліне ерекше назар аударылды. Олар шетелдік студенттерге қиындықтарды жеңуге және оқу ортасына сәтті еруге көмектесу арқылы қолдау көрсетуде шешуші рөл атқарады.

Қорытындылай келе, зерттеу университет ортасында шетелдік студенттерді бейімдеудің тиімді әдістерін әзірлеу мақсатында осы саладағы зерттеулерді жалғастырудың маңыз-

дылығын көрсетеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде шетелдік студенттердің бейімделу процесін жақсарту үшін менторлық бағдарламалар мен қызығушылық клубтары сияқты қосымша тілдік бағдарламалар мен әлеуметтік бастамаларды әзірлеу, оқытушыларды шетелдік студенттердің алдында тұрған қиындықтар туралы ақпаратпен қамтамасыз ету, олар өздерін еркін сезінетін ашық қоршаған ортаны құру және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылады. Мәдени қарым-қатынасты алмасуды ынталандыру бағдарламалары. Бұл шаралар тілдік және әлеуметтік-мәдени кедергілерді жеңілдетуге, шетелдік студенттерге қолдау көрсетуге, олардың сәтті бейімделуіне және оқу үдерісіне ықпал етуге көмектеседі.

Әдебиеттер

1. Селье Г., Кандров В. И., Рогов А. А. Очерки об адаптационном синдроме. – Медгиз, 1960.
2. Анохин П. Очерки об адаптационном синдроме. – Москва: Изд-во Медицина, 1975.
3. Меерсон Ф. З. Адаптация, стресс и профилактика. – 1981.
4. Казначеева, В. Современные аспекты адаптаций. – Москва: Новосибирск, 1986.
5. Медеведев, В. Компоненты адаптационного процесса. – Л.: Наука, 1989.
6. Rysbekov, T. Z., Shintimirova, B. G. Internationalization of education and improvement joint educational programs in Kazakhstan. *Bulletin of the international education center and scientific information in Germany*.-2020.-№. 1- с. 24-28.
7. Nurligenova, Z. N., Sagatova, A.S. Influence of internationalization on the development of higher education in the Republic of Kazakhstan. *Bulletin "Historical and socio-political sciences"*.-2021.- № 3(66).
8. Dudinova, E. I., Negizbayeva, M. O. Media discourse for the socio-psychological adaptation of migrants and kandas in Kazakhstan. *Journalism Series*.-2021.- № 62 (4).- с.33-43. <https://doi.org/10.26577/HJ.2021.v62.i4.04>
9. Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. 2019. <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P1900000988/27.12.2019>
10. Т. Шибутани. Социальная психология. Сокращенный пер. с англ. В. Б. Ольшанского ; Общ. ред. и послесл. проф. Г. В. Осипова. – Москва : Прогресс, 1969. стр 49
11. Курманалина Ш. Х. и др. «Совершенствование профессиональной деятельности педагога в условиях информационно-образовательной среды». Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының хабаршысы. Ноб (қараша – желтоқсан), 2010 жыл, стр 34
12. Viekenov K. U., Nogaubaev E. O. К проблеме социальной адаптации иностранных студентов к условиям казахстанских вузов //Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2012. – Т. 43. – №. 4..
13. Шолохова Г. П., Чикова И. В. Адаптация первокурсников к условиям обучения в вузе и ее психолого-педагогические особенности //Вестник Оренбургского государственного университета. – 2014. – №. 3 (164). – С. 103-107.
14. М.Т. Иманалиева, А.С. Бакирова, А.Н. Қуат, М.К. Мурзахметова. Оқушылардың жанартылған оқу бағдарламасына психо-физиологиялық бейімделу ерекшеліктерін зерттеу //Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2020. – Т. 62. – №. 1. – С. 147-155.
15. Ключникова Е. В. Проблемы адаптации иностранных студентов в России //Вестник Тверского государственного университета. Серия: Педагогика и психология. – 2018. – №. 1. – С. 133-140.
16. Szabó Á., Papp Z. Z., Luu L. A. N. Social contact configurations of international students at school and outside of school: Implications for acculturation orientations and psychological adjustment //International journal of intercultural relations. – 2020. – Т. 77. – С. 69-82. <https://doi.org/10.1016/j.ijintrel.2020.05.001>
17. Моднов С. И., Ухова Л. В. Проблемы адаптации иностранных студентов, обучающихся в техническом университете //Ярославский педагогический вестник. – 2013. – Т. 1. – №. 2. – С. 111-115.
18. Мордвинцева И. Ю., Ордабаева Р. Б., Сурабалдиева Б. Т. Педагогические особенности инклюзивного сопровождения адаптации иностранных студентов в казахстане //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2023. – Т. 77. – №. 1. – С. 249-256.

References

- Anohin, P. (1975). “Ocherki ob adaptacionnym syndrome [Essays on the adaptation syndrome]”. Moskva. (In Russian)
- Biekenov K.U., Nogajbaev E.O. (2012). “K probleme social'noj adaptacii inostrannyh studentov k uslovijam kazahstanskikh vuzov [On the problem of social adaptation of foreign students to the conditions of Kazakhstani universities]”. Bulletin of KazNU. Psychology and Sociology Series. No4 (43). – C- 35 . (In Russian)
- Dudinova, E. I., Negizbayeva, M. O. (2021) Media discourse for the socio-psychological adaptation of migrants and kandas in Kazakhstan. *Journalism Series*, № 62 (4), 33–43. <https://doi.org/10.26577/HJ.2021.v62.i4.04>
- Kaznacheeva, V. (1986). “Sovremennye aspekty adaptacij [Modern aspects of adaptation]”. Moskva. Novosibirsk. 120 c. (In Russian)
- Kljushnikova E. “Problemy adaptacii inostrannyh studentov v rossii [Problems of adaptation of foreign students in Russia]”. Bulletin of TvGU. Psychology and Sociology Series.. No 1. , – S.- 133-140. (In Russian)
- Kurmanalina Sh. H. I dr. (2010 zhyI) “Covershenstvovanie professional'noj dejatel'nosti pedagoga v uslovijah informacionno-obrazovatel'noj sredy [Improving the professional activity of teachers in the conditions of the information and educational environment]”. Bulletin of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan]”. Bulletin of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan. No6 (November-December). (In Russian)
- M.T. Imanalieva , A.S. Bakirova , A.N. Қуат , M.K. Murzahmetova. (2020). “Оқушылардың зһаңартуға оқу бағдарламасына псиһо-физиологиялық бејімделу ерекшеліктерін зерттеу [To study the features of psycho-physiological adaptation of students to the updated curriculum]”. Bulletin. Series of pedagogical sciences.No1 (62). Doi.org/10.26577/JES.2020.v62.i1.14 (in Kazakh)
- Medvedev, V. (1989). “Komponenty adaptacionnogo processa [Components of the adaptation process]”. Science. (In Russian)
- Meerson, F. (1981) . “Adaptacija, stres i profilaktika [Adaptation, stress and prevention]”. Moskva. Science. (In Russian)
- Modnov S. I., Uhov L. V. (2013). “Problemy adaptacii inostrannyh studentov, obuchajushhihsja v tehničeskom universitete [Problems of adaptation of foreign students studying at a technical university]”. Yaroslavl Pedagogical Bulletin (In Russian)
- Mordvintseva, I.Yu., Ordabaeva, R.B., Surabaldieva, B.T. (2023). Pedagogical features of inclusive support of adaptation of foreign students in Kazakhstan. *Bulletin of KazNPU named after Abai, series “Pedagogical Sciences”*, № 77(1), 249–256. <https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1978>
- Nurligenova, Z. N., Sagatova, A.S. (2021). Influence of internationalization on the development of higher education in the Republic of Kazakhstan. *Bulletin “Historical and socio-political sciences”*, № 3(66). <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/204>
- On approval of the State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2020 – 2025. 2019. <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/P1900000988/27.12.2019>
- Rysbekov, T. Z., Shintimirova, B. G. (2020). Internationalization of education and improvement joint educational programs in Kazakhstan. *Bulletin of the international education center and scientific information in Germany*, № 1, 24-28. <https://d-nb.info/1219186031/34#page=26>
- Sel'e, G. (1960). “Ocherki ob adaptacionnym syndrome [Essays on the adaptation syndrome]”. Moskva. Publishing house Medgiz. (In Russian)
- Sh.G. Petrovna, Ch.I. Vjacheslavovna. (2014) . “Adaptacija pervokursnikov k uslovijam obuchenija v vuze i ee psihologo-pedagogičeskie osobennosti [Adaptation of first-year students to the conditions of study at the university and its psychological and pedagogical features]” Bulletin of OGU. №3 (164).
- Shibutani T. (1969). “Social'naja psihologija [Social psychology]”. Abridged translation from the English by V. B. Olshansky; General ed. and afterword by prof. G. V. Osipov. – Moscow: Progress
- Szabó, A., Papp, Z., Luu, L. (2020). Social contact configurations of international students at school and outside of school: Implications for acculturation orientations and psychological adjustment. *International Journal of Intercultural Relations*, № 77, 69-82. <https://doi.org/10.1016/j.ijintrel.2020.05.001>

Авторлар туралы мәлімет:

Санбаева Балым – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасының докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: sanbaeva.balim@mail.ru)

Есенова Камшат (корреспондент автор) – PhD доктор, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: kamchat_esenova@mail.ru)

Сведения об авторах:

Санбаева Балым – докторант образовательной программы «Социальная педагогика и самопознание», Казахский национальный университет имени аль-Фараби (г.Алматы, Казахстан. эл.почта: sanbaeva.balim@mail.ru)

Есенова Камшат (корреспондентный автор) – PhD доктор, старший преподаватель кафедры педагогики и образовательного менеджмента Казахского национального университета им. Аль-Фараби (г.Алматы, Казахстан, эл.почта: kamchat_esenova@mail.ru)

Information about authors:

Sanbayeva Balym – doctoral student educational program « Social pedagogy and self-knowledge », Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, email: sanbaeva.balim@mail.ru)

Esenova Kamchat (corresponding author) – PhD, Senior Lecturer of the department of Pedagogy and Educational management of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, email: kamchat_esenova@mail.ru)

Келін түсті 01.12.2023
Қабылданды 01.03.2024